

«Бекітемін»

Мектеп директоры м.у.а.

 А.Розакулов

«Келісемін»

Мектеп директорының тәрбие
жұмысы жөніндегі орынбасары

 Ф.Караев

**2023–2024 оқу жылында
№27 «Аққала» жалпы орта мектебі
2- сыныптарға арналған
«Жолда жүру ережелері»
оқу пәнінің күнтізбелік-тақырыптық жоспары**

2023 ж.

№ р/с	Айлар	Тақырыптың атауы	Сағат саны
1.	қыркүйек	Көше күтпеген оқиғаларға толы.	1
2.	қазан	Жаяу жүргінші өтпелері.	1
3.	желтоқсан	Реттелетін жол қиылыстары. Бағдаршам.	1
4.	наурыз	Автобуспен немесе троллейбуспен сапарғашығу.	1
5.	сәуір	Қай жерде ойнауға болады және қай жерде ойнауға болмайды.	1
6.	мамыр	Қорытынды сабақ.	1
	Барлығы		6

Сынып жетекшісі:

Ш.Абдураимова

Тақырыбы: Көше күтпеген оқиғаларға толы

Мақсаты: Жолда жүру ережелеріне сәйкес бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыру. Көше жағдайындағы кеңістікті бағдарлай білу дағдыларын дамыту (көше, бұрылыстар). Баланызейінді епті болуға тәрбиелеу. Көшеде жүру ережесі, көше қиылысы, бағдаршам, жол белгілері, қоғамдық көліктегі тәртіп ережелері туралы білімдерін бекіту.

Көрнекі құралдар: көшелер, жүргіншілерге арналған белгілері бар қиылыстар, жол белгілері салынған суреттер, жаяу жүргіншілер өтетін жер, «Алғашқы дәрігерлік көмек», «Жанармай станциясы», «Тамақтану орны», «Телефон», «Машина қоятын жер», т.б.

Сөздік жұмыс: көше қиылысы, қарама-қарсы бағыттағы жол қозғалысы.

Сабактың барысы: сабақ алдында жақын жатқан бағдаршам бар көшемен бұрылыстарға мақсатты саяхат жасалады. Бұл саяхатта балалар мен бірге бағдаршамның жұмысына, машиналардың әрлі-берлі жүруіне, жүргізушілерге көңіл аударып, бақылау жасайды. Мұғалім қала көшелері бейнеленген суретті көрсетеді. Мынау қала көшелеріме әлде, ауыл көшелеріме? Бізқазір сендермен қаламыздың бір көшесіне серуенге барамыз. Егер бәріміз жаяу жүріп барсақ, ондабізді кімдер деп атайды? (Жаяу жүргінші).

Ал жүргіншілер үшін жол қозғалысының арнайы ережелері бар. Қала мен оның көшесінде, Жүрмейді тек алаңсыз, Ережесін білмесеңіз, Түседі қайғы амалсыз Сақтық ойлар әрдайым Кеудесінде жаны бар Жүргінші мен жүргізушінің Өзіне тән заңы бар Ал қазір біз жол ережелерін еске түсіреміз. Жаяу жүргіншілер қай жермен жүру керек? (жаяу жүргіншілерге арналған жолмен) Жолдың қай жағымен жүргені дұрыс (жолдың оң жағымен)

Дұрыс айтасындар, жолдың оң жағымен жүрсеңдер басқа жүргіншілерге кедергі жасамайсындар. Жүргіншілер көшенің қай жерінен қиып өте алады? (жаяу жүргіншілер өтетін жол) Дұрыс, ал енді балалар осы көше қиылыстарында жүргіншілердің қозғалысын реттеп тұратын көмекшілер бар. Кәне, мына жұмбақтарды шешіп көрейік: Күндіз-түні жанамын, Дабыл беріп бәріне. Үш түрлі түсім бар Белгілі жас пен кәріге (Бағдаршам) Қарашы күшін керемет, Көше тәртібін сақтап тұр. Сілтеп еді оң қолын, Дәу машина тоқтап тұр. (Реттеуші милиционер)

Бағдаршам көздері нені білдіреді?

Қызыл – Тоқта!

Сары – Күт!

Жасыл – Жүр!

2. Жүргіншілердің ғылыми мектебі. Сендер жол бойында тұрған белгілерді көрдіңдер ме? Бұлар – жол белгілері. Әр жол белгісі нені білдіреді? Балалар жол белгілеріне қарап, оларды атай бастайды. («Жаяу жүргіншілер өтетін жол», «Алғашқы дәрігерлік көмек», «байланыс көмекшісі», «көлік қоятын орын»). Дымбілмес те балалармен бірге жол белгілерін қайталап, үйрене бастайды. Бүгін біз жаңа белгілермен танысамыз. Олар үшбұрыш пішінді болып келеді. Онда екі баланың бейнесі салынған. Ол «балалар» деп аталатын белгі. Бұл белгі мектептер мен басқа да балалар мекемелерінің жанында тұрады. Бұл белгі сендердің көмекшілерін, мұнда жүргізушілер өте сақ болғаны дұрыс. Жарайсындар, балалар! Сендер жол белгілерін жақсы ажыратып. «Жүргіншілердің ғылыми мектебінде» өте жақсы деген баға алдыңдар.

3. «Жүргінші» ойыны. Біз жаяу жүргіншіден жолаушыларға айналамыз. Біз автобусты қай жерде күтуіміз керек? (аялдамада) Егер сендер мына жұмбақ шешуін тез тапсаңдар, автобус аялдамаға тез келеді. Бұл не қылған көк үй,

Айналасы терезе ойып алған. Аяғында етігі резеңке Ал өзі бензинге тойып алған. Ал міне, автобус та келді. Орындықты автобус қылып қояды. («су тасушы» өлеңінің әуені ойналады). Зуылдаймыз, зулаймыз Алыс-алыс жерлерге Бақытты біз достармыз Сапар шеккен елдерге.